

Теректі негізгі мектебі бойынша 2021-2022 оқу жылындағы ата – аналармен бірлесе атқарған іс – шаралар есебі.

Теректі негізгі мектебінде «Мектеп-ата-ана - оқушы» үштігі бірлестігіне орай жыл бойы ата-аналармен түрлі жұмыстар жүргізілді. Жалпы мектепте жылына 3 рет жалпы ата-аналар жиналысы, 5 рет сыныптар бойынша ата-аналар жиналысы ұйымдастырылды. Ата-аналар түгел дерлік қатысты. Отбасындағы тәрбие мәселесіне байланысты мектебімізде «Отбасы-өмір ұясы» ата-аналар мектебі, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы «Қоғам құндылығы» арнайы жобасы аясында мектебімізде «Әкелер» клубы, «Аналар» клубы мектебі. Аталған клубтар бойынша жыл бойы онлайн, оффлайн да форматта жұмыстар ұйымдастырылды. Ата-аналар әлеуметтік серіктестік құрылып жұмыстар жүргізілді. Сонымен бірге мектеп психологы әр түрлі тақырыптарда ата-аналарға тренингтер ұйымдастырды.

"Қатігездік пен зорлық -зомбылықсыз балалық шақ" атты апталығы бойынша оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мен кешкі мезгілдегі тәртібі туралы және "Қауіпсіз әлеуметтік желі" бағытында ата-аналарға кеңес өткізілді.



"Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" атты онкүндікте 1-4-сыныптар арасында тәрбие сағаты ұйымдастырылып өткізілді.



Ата-аналар жиналысы

Тақырыбы: Баланың бас ұстазы ата ана

Мақсаты:

1. Ата - ананың өмірге деген көзқарасын өзгерту.
2. Ата - аналарды балаларға жауапкершілікпен қарауға шақыру.
3. Баланың бүгінгі істеген қадамы ертеңгі тұлға ретінде қалыптасуына үлкен әсер ететінін атап өту.

Міндеті:

1. Балаларды адамгершілікке тәрбиелеудегі ата - ананың жауапкершілігі.
2. Мектепте ата - ананың оқу - тәрбие саласындағы рөлі.
3. Алдағы уақытта оқушыларды тәрбиелеуде мұғалім мен ата - ананың бірігіп жұмыс жасауы.

Ата – аналармен бірлескен рейд ұйымдастырылды. Мақсаты: Жасөспірімдер арасындағы қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу, түн мезгілінде оқушылардың ата – ананың қадағалауынсыз жүрмеуін қадағалау.

Ата-аналарға нашақорлықтың, темекі шегудің зияндылығы жөнінде жұмыстар жүргізілді.

«Баланы адамгершілікке тәрбиелеу жолдары» ата-аналармен коучинг. Мектеп психологі Кошкарлова А.



Директордың тәрбие орынбасары: Г.Е.Қазыбаева